

Ғылымдағы белсенділік – білім беру негізі

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының шегінде, Қазақстан Республикасының Президентінің Қасым Жомарт Тоқаевтың балансталған территориялық дамуға бағытталған, Жолдауын сараптамалай отырып: «Оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарының өндірістік потенциалын белсенді түрде ашу қажет болады. Мұнда Мемлекетіміздің еңбек ресурстарының жартысы орналасқан, сапалы жұмыс отырдары осы аймақтардың дауы үшін ерекше маңызды. Индустриалдандыру тек қана әлеуметтік сұрақтарды шешу үшін ғана емес, сонымен қатар ол халықтың жаңа менталдылығын қалыптастырады, оларды заманауи дүниеге адаптациялайды. Ал бұл ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторларының бірі».

Қойылған тапсырмалардың барлық маңыздылығын түсіне отырып және өзінің жауапкершілігін сезініп, М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университетінің «Мұнайгаз ісі» кафедрасының коллективі президентпен қойылған тапсырмаларды жүзеге асыруды ғылыми қызметке студенттерді ынталандыру жолымен сапалы мамандарды дайындау арқылы жүзеге асыру деп түсінеді. Қазіргі уақытта кафедрада 350 Қазақстан Республикасының, сонымен қатар Өзбекістан және Түркіменістан студенттері: 6В07210 - Мұнайгаз ісі, 6В07215 - Мұнай мен газды игеру нысандарын пайдалану және қызмет көрсету, және 6В07216 – Газмұнайқұбырларын және қоймаларын пайдалану деген 3 білім алу бағдарламасы бойынша білім алады.

Қазіргі уақытта кафедрада «Мұнайгаз саласы үшін коммерциялық реагенттерді алумен мақта губроның өңдеу» тақырыбында профессор К.С. Надировтың басшылығымен қаржыландырылатын гранттық жоба орындалуда.

Орындалған жұмыстардың нәтижелері оқу үрдісіне акт ендіру түрінде ендіріледі. Мысалы, 1. 2020-2021 оқу жылында «Мұнайгаз ісі» кафедрасында т.ғ.д., профессор К.С. Надировтың басшылығымен МНГ-19-1нг тобының магистанты Жетписбаев Д.М. орындаған ««Ашысай» кенорын үшін суыздандыру процесін қарқындыру үшін коалесцентордың құрылымын тұрғызу». Акт №375 от 20.05.2021.

2. Т.ғ.к, доцент А.К. орынбасаровтың және т.ғ.к. профессор Г.Ж. Бимбетованың басшылығымен МНГ-19-1нк тобының магистанты А.Е. Аралбаев орындаған «Ұңғыманың қабырғаларын беріктендіру мақсатында soapstock негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің құрамын тұрғызу». Акт №376 от 20.05.2021.

3. «Магистральдық құбырларды пайдалану ерекшеліктеріне және жобалық параметрлерін таңдауға әсер ететін негізгі факторлар, магистральдық мұнай құбырлары» пәні бойынша оқу құралына кафедра доценті, PhD докторы С. Е. Байботаева енгізілді.

Бұдан басқа ендіріске енгізілген F3Ж нәтижелері бар: х.ғ.д., проф. Надиров

К.С. жетекшілігімен:

1. «Мұнай жинау жүйесінің құбырлары үшін техникалық госсипол және полиолефиндер негізінде коррозияға қарсы құрамдарды әзірлеу» тақырыбы бойынша мұнай жинау жүйесінің құбырларында коррозияға қарсы композицияны кәсіпшілік сынау №370 Акт 17.05.2021 ж.

2. Резеңке ұнтағымен түрлендірілген полимерлі-битумды байланыстырғыштардың өнеркәсіптік сынақтары 2021 жылы «Нефтехимстрой-Юг» ЖШС кәсіпорнында жүргізілді. 17.05.2021 ж. №371 Акт.

3. «Магистральдық құбырларды пайдалану ерекшеліктеріне және жобалық параметрлерін таңдауға әсер ететін негізгі факторлар» магистральдық мұнай құбырлары пәні бойынша оқу құралына кафедра доценті, PhD докторы С. Е. Байботаева енгізілді.

Жас ғалымдар білім беру процесінде белсенді ұстанымға ие. Жас ғалымдар білім беру процесінде белсенді ұстанымға ие.

2. «Мұнайды кәсіпшілік дайындау үшін реагенттер алу технологиясын әзірлеу», жетекші PhD, доцент Шуханова Ж. К.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы К.Жұмабаевтың қорына ОҚМУ жас ғалымдарының конкурстық өтінімдері берілді. «Мұнайгаз ісі» кафедрасының профессоры Жантасов Манап Құрманбекұлы «магистральдық мұнай газ құбырларының тоттануға қарсы жабындарының қорғау қасиеттерін арттыру» және «Мұнайгаз ісі» кафедрасының PhD доценті Шуханова Жұлдыз Кенжебаевна «Мұнайды кәсіпшілік дайындау үшін реагенттерді алу және зерттеу» тақырыбында баяндама жасады.

2020-2021 оқу жылында кафедраның ПОҚ 57 жарияланым жариялады. Оның 4 импакт-факторы бар журналдарда (Scopus), 7 республикалық рейтингтік басылымдарда, 6 алыс шетелдерде, 19 конференция, 7 басқа журналдарда және 10 республикалық конференцияның еңбектері. Сонымен қатар, 1 монография және 2 оқу құралы жарық көрді. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасына авторлық құқыққа 3 патент және 4 куәлік алынды.

Осылайша, айтылғанды қорытындылай келе кафедраның белсенді ғылыми қызметі сұранысқа ие білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білікті мамандарды даярлау ісіндегі негізгілердің бірі болып табылады деп айтуға болады.

**Ж.К. Шуханова,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан Университеті «Мұнайгаз
ісі» кафедрасының т.ғ.д., профессо-
ры Голубев В.Г., т.ғ.к., профессоры
Жантасов М.К., аға оқытушы,
магистры Шегенова Г.К., PhD,
доценті**